«ЭлитИнвест-Б» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ҚР, ОҚО, Шымкент қаласы,
Қаратау ауданы, 194 квартал №2140
Тел: 87011886334. E_mail: elitinvest_b@mail.ru
БСН:140840023342, ИИК:KZ0396516F0008042236
БИК:IRTYKZKA, АО "ForteBank"

ЭЛИТИНВЕСТ-Б

Товарищество с ограниченной ответственностью «ЭлитИнвест-Б»

РК, ЮКО, город Шымкент,
Каратауский район, квартал 194, №2140
Тел: 87011886334. E_mail: elitinvest_b@mail.ru
БИН: 140840023342, ИИК:KZ0396516F0008042236
БИК:IRTYKZKA, АО "ForteBank"

Шымкент қаласы «14» қараша 2018ж.

шығыс № 15/01

ҚР Қаржы Министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-не

«ЭлитИнвест-Б» ЖШС-нің директоры Рсалиев Бакытжан Куанышовичтен

ШАҒЫМ

«Сайрам аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі тапсырыс берушінің заңсыз іс-қимыл әрекетіне

«ЭлитИнвест-Б» ЖШС-гі, «Сайрам аудандық құрылыс бөлімі» мемлекеттік мекемесі тарапынан мемлекеттік сатып алуы бойынша 04.10.2018 жылы жарияланған *№ 2868716-1, «ОҚО, Сайрам ауданы М.Оразалиев ауылындағы мәдениет үйі ғимаратын күрделі жөндеу»* конкурсына қатысуға өтінім берген.

Конкурстық комиссияның 31.10.2018 жылғы №2559982 алдын ала рұқсат беру хаттамасына сәйкес конкурсқа қатысуға 16 әлеуетті өнім берушілерден: «Шапағат Строй-К» ЖШС, «Сиқым-Олжас» ЖШС, «КазИнвестЛидер» ЖШС, «СТАРТ-СТРОЙ» ЖШС, «Қаратау ЛТД» ЖШС, «РимСтройСервис» ЖШС, «Астана Строй-Проект» ЖШС, «Қарабура и К» ЖШС, «Строитель» ЖШС, «Асыл Құрылыс Групп» ЖШС, «RIZZYK» ЖШС, «Карат-Z» ЖШС, «Аршан Строй» ЖШС, «БК и Ко» ЖШС, «ЭлитИнвест-Б» ЖШС, «СК БАТЫР-ҚҰРЫЛЫС» ЖШС–нен конкурстық өтінімдер түсіп, конкурстық комиссия олардың конкурстық өтінімдерінің біліктілік және конкурстық құжаттама талаптарына сәйкестігін алдын ала қарап, барлық әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдері біліктілік талаптарына сай емес деп таныған.

Конкурстық комиссияның 09.11.2018 жылғы №2575036 қорытындылар туралы хаттамасымен алдын ала рұқсат беру хаттамасында көрсетілген ескертулерді ретке келтіру құқығын 16 әлеуетті өнім берушілер пайдаланып, 15 әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерін конкурсқа қатысуға рұқсат берілмей, конкурсқа қатысуға бір ғана әлеуетті өнім беруші «Шапағат Строй-К» ЖШС-гі рұқсат берілуіне байланысты конкурс өтпеді деп танылған. Ал «ЭлитИнвест-Б» ЖШС-не (***После приведения заявок на участие в конкурсе в соответствие с квалификационными требованиями и требованиями конкурсной документации - Потенциальный поставщик не имеет требуемые***

лицензии: Лицензии на Монтаж технологического оборудования, пусконаладочные работы, связанные с: Связью, противоаварийной защитой, системой контроля и сигнализации, блокировкой на транспорте, объектах электроэнергетики и водоснабжения, иных объектах жизнеобеспечения, а также приборами учета и контроля производственного назначения.) деген негізсіз себептермен конкурсқа қатысуға жіберілмеген.

Ал, 31.10.2018 жылғы №2559982 алдын ала рұқсат беру хаттамасына сәйкес «ЭлитИнвест-Б» ЖШС-не *«Потенциальный поставщик не соответствует квалификационным требованиям на оснований: непредоставление документа (документов) для подтверждения соответствия квалификационным требованиям потенциального поставщика и (или) привлекаемого им субподрядчика (соисполнителя) работ либо услуг, отсутствие разрешений (уведомлений), полученных (направленных) в соответствии с законодательством Республики Казахстан о разрешениях и уведомлениях, сведения о которых подтверждаются в информационных системах государственных органов. Непредставление электронных копий либо в виде электронного документа патентов, свидетельств, сертификатов, других документов, подтверждающих право потенциального поставщика на производство, переработку, поставку и реализацию закупаемых товаров, выполнение работ, оказание услуг.* ***В сведений о квалификации отсутствует информация о наличии соответствующего разрешения (лицензии), выданного в соответствии с законодательством Республики Казахстан о разрешениях и уведомлениях.*** *Согласно сведениям об отсутствии (наличии) задолженности, учет по которым ведется в органах государственных доходов, по состоянию на 23.10.2018 года директор ТОО «Қаратау ЛТД» К.Турсынбеков имеет задолженность Орган государственных доходов Республиканское государственное учреждение «Управление государственных доходов по Казыгуртскому району Департамента государственных доходов по Южно-Казахстанской области Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан» в размере 194,23 тенге»* делінген.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының» (әрі қарай – Қағидалар).

Қағиданың 5 қосымшасы болып табылатын біліктілігі туралы мәліметінің 5 тармағында *«Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде ол туралы мәлімет болмаған жағдайда, рұқсаттың (лицензия) электрондық көшірмелерін қоса бере отырып рұқсаттар және хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген рұқсаттың (лицензия) бар екен туралы мәліметтер»* әлеуетті өнім беруші жұмысты сатып алу кезінде толтырады делінген.

Ал, Қағиданың 150 тармағы 1-тармақшасында, «*Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде олар туралы мәліметтер расталатын рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алынған (бағытталған) рұқсаттардың (хабарламалардың) болмауы. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйесінде мәліметтер болмаған жағдайда әлеуетті өнім беруші рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының*

заңнамасына сәйкес алынған (бағытталған) тиісті рұқсаттардың (хабарламалардың) нотариалдық куәландырылған көшірмесін ұсынады» делінген.

«ЭлитИнвест-Б» ЖШС-гі конкурсқа қатысуға өтінім берген кезде біліктілік туралы мәліметінің 5-тармағына сай рұқсат (лицензия) атауы, қызмет түрі, ерекше шарттар (санаты) және құжаттың берілген күні мен нөмірін толтырған. Ал, мемлекеттік лицензияның электрондық көшірмесін куәліктер, сертификаттар, дипломдар және басқа да құжаттар бөлігіне қоса тіркеген.

Яғни, конкурстық комиссия мүшелерінің алдын ала рұқсат беру хаттамасында *«Потенциальный поставщик не имеет требуемые лицензии: Лицензии на Монтаж технологического оборудования, пусконаладочные работы, связанные с: Связью, противоаварийной защитой, системой контроля и сигнализации, блокировкой на транспорте, объектах электроэнергетики и водоснабжения, иных объектах жизнеобеспечения, а также приборами учета и контроля производственного назначения»* деген себептерді әдейі көрсетпеген.

Қағиданың 137 тармағында *«Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қайта қараған кезде, әлеуетті өнім берушілерді, конкурстық комиссияның алдын ала рұқсат беру хаттамасында көзделмеген негіздер бойынша қабылдамауға жол берілмейді»* делінгеніне қарамастан конкурстық комиссия мүшелері «ЭлитИнвест-Б» ЖШС-не конкурсқа қатысуға негізсіз рұқсат бермеген.

Менің пайымдауымша конкурстық комиссия мүшелері шешім қабылдау барысында алдын ала рұқсат беру хаттамасында сұратылмаған себептерді қорытынды туралы хаттамасында негізсіз сұратып, «ЭлитИнвест-Б» ЖШС-гің негізсіз конкурсқа қатысуға жібермей, «Шапағат Строй-К» ЖШС-не сыбайлас жемқорлық үшін жағдай әдейі жасаған.

Осыған байланысты және ҚР «Заңды және жеке тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 7-11 бабтарын басшылыққа алып

сұраймын:

1. Шағымда көрсетілген Заң бұзушылықтар жөнінде тексеру жүргізіп, көрсетілген уәждерім өз дәлелін тапса 09.11.2018 жылғы №2575036 қорытындылар туралы хаттаманың күшін жойып, қайта қарауыңызды.
2. «ЭлитИнвест-Б» ЖШС-не конкурсқа қатысуға *(жіберуіңізді)* рұқсат беруіңізді
3. Конкурстық комиссия мүшелерінің барлығын мемлекеттік сатып алу туралы Заның, мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының талаптарын әдейі және өрескел бұзғаны үшін, қатаң тәртәптік жауапкершілікке тартуыңызды
4. Шағым бойынша Заңды көзделген мерзім ішінде жауап беруіңізді

Құрметпен «ЭлитИнвест-Б»
ЖШС-нің директоры: **Б.К.Рсалиев**